

ОӘЖ 372.882

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ТОПТЫҚ ЖҰМЫС ТАПСЫРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Юсупова Жансая Мирғалимқызы

*магистрант, Педагогика және гуманитарлық ғылымдар факультеті,
SDU University, Алматы, Қаскелең қ., Қазақстан*

Мақалада қазақ әдебиетін оқытуда топтық жұмыс тапсырмаларының әдістемесі қарастырылады. Себебі, қазіргі таңда оқыту өз бетінше оқуына бағытталғандықтан, олардың таным белсенділігін көтеру маңызды деп есептеймін. Сондықтан мұғалім оқушылардың білімді іздену, пікірталас, проблемалық жағдайларды шешу, жоба құрастыру арқылы өз беттерінше ұйымдастыра білуді қажет етеді.

Кілт сөздер: жаңа технологиялар, интербелсенді оқыту, топтық жұмыс, проблемалық сұрақтар, қарым-қатынас.

Жаңа заман ағымына сай білім саласында жаңа технологияларды қолданудың маңызы зор. Қазіргі таңда білім берудің негізгі талаптарының бірі білімді үздіксіз жетілдіру және оқыту үрдісін интенсификациялау болып табылады.

Орта мектепте қазақ әдебиетін оқытуда әр мұғалім өз алдына әр түрлі мақсаттар қояды. Дұрыс қоя білген мақсат әр сабақтың нәтижелілігіне, оның маңызына және қызықты өтуіне бірден бір әсер етеді. Ол туралы әдіскер ғалымдарымыздың айтқан пікірлері де жеткілікті. Дегенмен, білім алушылардың жас ерекшелігін, олардың заманға сай талабы мен мүмкіндіктерін ескере отырып, қазіргі таңда сабақ мақсатын сан алуан етіп, түрлендіріп отыруға болады. Солардың қатарында оқушыларды топқа бөліп жұмыс жасау. Дәстүрлі оқыту жүйесінде оқушылар үнемі бір орында отырып, сабақ барысында қасында отыратын «көрші» оқушымен ғана диалог құрып, бірен-саран жұмыс түрін жасауы мүмкін. Ал интербелсенді оқытуда бір оқушы сыныптағы барлық баламен бір топта немесе жұпта жұмыс жасап, әр сыныптас құрбысының психологиясымен танысып, әр түрлі мінез құлықтағы қатарласымен жұмыс жасау мүмкіндігіне ие бола алады [1].

Негізінен топтар түрлі тәсілдермен құрылуы мүмкін. Кей кездері мұғалім оқушылардан өзара бірге жұмыс істеуін өтінеді, басқа жағдайларда кездейсоқ іріктеп алынған топтар құрастырылады. Ал кейде топтар жекелеген мүшелердің

нақты бір мықты қасиеттеріне қарай құрылады. Ол топтан әрі кетсе 3-4 сабақтан ауысып, жаңарып отыруы тиіс.

Топтың қандай тәсілмен құрылғанына қарамастан, жаңадан құрылған кез келген топқа бір-бірімен жұмыс істеу сипатына, дағдылары мен стиліне икемделіп, бейімделуге уақыт талап етіледі. Табысты топтар айырмашылықтардың артықшылығын осы пайдалануды, оларды бастапқы кезеңде анықтауға және тиісінше топтың қызметін ұйымдастыруды бірден үйренеді. Қалыптасу кезеңі топ жұмысының басталуымен шектелмейді. Топ мүшелерінің бір-бірі туралы хабардар болуына қарай, топтың қарқыны біртіндеп өзгереді, және де топқа мұндай өзгерістерге қатысты әрекет ету үшін қажеттілігіне қарай жұмысты түзетуге дайын болу керек. Осылайша, түрленіп отыратын топ құрамы, небір тапсырмаларды ортақ мәмілеге келу арқылы шешіп, жетістікке жетуі тиіс. Бұл әрине сынып оқушыларының бір-бірімен етене араласуына мүмкіндік туғызса, бір жағынан татулыққа, достыққа, ұжымдаса әрекет етуге зор ықпал етеді.

Топ жасақтауда мұғалімнің алдында енді топ мүшелерінің саны қандай болуы керек деген сауал туындауы мүмкін. Негізінен топтағы оқушылардың саны оқушылар мен мұғалімнің арасындағы өзара тиімді қарым-қатынасты барынша қамтамасыз етуі тиіс. Топтың көлемі мен санының арасындағы теңгерімді айқындаудың маңызы бар. Мысалы, жеке немесе жұп шектеулі қысқа уақытта шамамен 5 минут көлемінде тиімді жұмыс істей алады. Ал өте үлкен топтар оқушылардың көңілін басқаға аударып, тәртіптерінің бұзылуына, мұғалімнің бақылауынан шығып қалу қаупіне әкелуі ықтимал. Сондықтан, мұғалім нақты тапсырманы ұтымды орындау үшін топтың қандай көлемі қажет екендігін анықтап алу қажет [1].

Мәселен, орта мектептегі «Қазақ әдебиеті» пәнінен өткізген сабақтарды талқылай отырып, аталған пәнді оқытуда топтық жұмыстың тиімділігі анағұрлым нәтижелі екендігі байқалды. Сол мақсатта өткізілген 5-сыныпта оқытылатын сабақтың біріне талдау жасап өтсек. Сабақтың тақырыбы - «Менің атым Қожа». Бірнеше сағатқа берілген көркем туындының бір сағатында ғана жасалатын тапсырмалар жүйесіне тоқталып өтейік.

Алдын ала бірнеше жұмыс түрлері жоспарланып, ойластырылғанымен, топтық жұмысты жүзеге асыру үшін, оқушының іс-әрекеті алдыңғы орында болуы шарт. Өйткені, олар бір ғана сабақтың өзінде дербес, жұпта, топта жұмыс жасап, өз білім мен дағдысының қаншалықты деңгейде екендігін байқап, бағалай алады. Ол үшін ауызша және жазбаша тапсырмалардың маңызы зор. Әрбір оқушы жұмыс дәптеріне «Топ мүддесі» атты белгілі сөз мөлшерінде тұратын эссе жазып, оны өзге балалардың алдында қорғап, пікірін дәлелдей алады. Аталған жұмысты тексеруде мұғалім басқа да әдістерді қолдануына болады. Мәселен, топта отырған оқушылар бір-бірінен сұрау

арқылы үй тапсырмасын кім қалай орындағанын, қалай түсінгендігін тексеріп, пікір айтып, бағалайды.

«Менің атым Қожа» деп аталатын сабақ барысында осы әдіс туралы білімдерін тексеру үшін барлық топқа ортақ сауалдар қоюға болады: «Қожа қандай бала?», «Оның бұзақылық жасаудағы мақсаты неде?», «Шын мәнінде ол тентек, сотқар бала ма?» және т.б. Оқушының қамтымай кеткен тұстарын мұғалім слайд арқылы көрсетіп, толықтырып отырады. Яғни, оқушы өздігінен білім алуда нендей мағлұматтарды қамтымағандығын көріп, келесі сабақтарда жан-жақтылық пен ізденіс жұмыстарын әлі де арттыру қажеттігін оқытушының ескертуінсіз-ақ түсінеді.

Қазіргі орта мектептегі сабаққа берілген уақытты (40 минут) ескерсек, әдебиет сағаттарында мұғалім баяндау, түсіндіру, әңгімелеуден гөрі, практикалық тапсырмаларға көбірек мән берген жөн. Сонымен, «Осы шығарманы оқу арқылы біз өзімізге нендей мәселені ескеруіміз керек?» «Жазушының кішкентай оқырмандарға айтқысы келген ойы қандай?» деген сынды сауалдармен жұмыс жасап, мұғалім кейіннен өзі арнайы дайындаған материалын слайд немесе активстудио бағдарламасы арқылы көрсетіп, оның қаншалықты маңызы бар екендігін толықтырып өтеді. Оқытушы Бердібек Соқпақбаевтың бұл туындысының ерекшелігі деп аталатын слайд парақшасына тоқталып, негізгі мәселеге тоқталып, сәл ғана пікірталас ұйымдастырады. Оның сауалдарын келесідей қарастыруға болады:

1. Қожа сынды сотқарлар шынайы өмірде бар ма?
2. Қожа сияқты әр бала өзін өзі тәрбиелеуге ұмтылуы тиіс пе?
3. Жалпы Қожаның бойында адамгершілік қасиеттер бар ма? Болса дәлелде.
4. Қожа мен анасының арасындағы қарым-қатынасты қалай түсінуге болады?
5. Осы шығарманың өзекті тұсы қай көрініс, қай оқиға деп ойлайсың?
6. Саған Қожаның қай қасиеттері ұнады және неге?

Өз ойларын білдірген оқушыларға жоғарыдағы проблемалық сұрақтарға мұғалім белгілі ой түйінін жасап, балалардың пікірін қорытып, нәтиже шығаруы керек. Яғни, кез келген әдеби туынды оқырман үшін өмірлік тәжірибе, әрі сабақ.

Негізінен қазақ әдебиеті сабағында баламен көбірек әңгімелесу, ой бөлісу, пікірін тыңдау анағұрлым тиімді әдіс. Пән мұғалімі ретінде мектеп оқушысына көркем туындының тек мазмұнын білгізіп кою негізгі талап емес, бастысы шығарманың тәрбиелік мәнінде, оның өмірмен байланысты екендігін түсіндіру. Яғни, кітап оқу ол өмірлік тәжірибе жинақтауда таптырмас құрал [2]. Мәселен, Б. Соқпақбаев жасаған көркем бейнелері қазіргі таңда да өз өміршеңдігін жойған емес деп нақты дәлелдермен толықтырған дұрыс.

Топ жұмысты жүзеге асыруда алдымен топты құрудың әдісін білген жөн. Соның бір мысалы ретінде келесі жұмыс түрін ұсына аламыз. Ол үшін арнайы

3, 4, 7, 40 цифрлары жазылған асықтар ағаш үй формасындағы қорапқа салынып, жасырылады. Оқытушы құпия қорапта «Не болуы мүмкін?», «Мұндағы жасырулы зат біздің қазақы дәстүр, салтымызбен байланысты» деп ықтимал сұрақтарды қоя отырып, жасырылған асықты табуды міндеттейді. Кейін оқушылар ағаш үй формасындағы қораптан асықтарды алып, сандардың ретіне қарай төрт топ болып бөлінеді.

Мұғалім осы сандардың «Қандай қасиетті немесе киелі мәні?» бар деп сұрақ қойып, топтың аталу мағынасында да мән барын ұғындырады. Яғни, топты жасақтау қаншалықты маңызы болса, оның атауының да ерекшелігіне зер салған дұрыс. Одан кейін мұғалім оқушыларға «топ ережесін» құруды тапсырады. Бұл бағалаумен де байланысты екендігі ескеріледі. Осылайша оқушылар оқытушының бағыттауымен бағалаудың бес критерийін жасап, оны арнайы постерге де, өздеріне берілген парақшаға да жазып қояды. Бағалау шарттары: уақыт, ынтымақтастық, нақтылық; жүйелілік; белсенділік. Бұл талаптың орындалуын мұғалім де, өзара топтар да бір-бірін бақылау арқылы қадағалап отырады. Ескеретін жайт, бағалау шарттары топ мүшелерінің белсенділігін, өзара ынтымақтастығын, жауаптарының нақтылығы мен жүйелілігін, тапсырманы уақытында орындауымен байланысты.

Сабақтың негізгі бөлімінде «Қожа сынды балаларды ортасы қалай қабылдауы керек?» деген сауалды қойған мұғалім ойқозғау мақсатында тақырыпқа байланысты бейнеролик тамашаланып, оны топтар өз ішінде талқылайды. Өзара жұптық, топтық жұмыстар жасайды. Осылайша «әр оқушының өзін-өзі жақсы қырынан тәрбиелеу мүмкіндігі қандай?» деген сауалға білім алушылар жауап іздеп, ортақ келісімге келуге тырысады. Бұдан басқа оларға ауызша, жазбаша тапсырмалар беріледі.

«Әр адам өзін тәрбиелеуге міндетті» деп аталатын кезең мұғалім әр оқушыға тапсырма жазылған парақ береді. Онда төрт топқа ыңғайлы етіп, төрт түрлі әдіс берілген. Олар: ТВ шоу, Тікелей радиоэфир, Ойлан-жұптас-бөліс, Екі қадамдық сұхбат. Тапсырманы әр оқушы дербес, жұпта, топта оқып, талдайды. Оқытушы тапсырманың орындалуын бақылап отырады. Кенес береді. Бағыттайды.

Тапсырма берілмес бұрын мұғалім оқушылардан «Болашақта оқу бітірген соң, қай салада жұмыс жасау мүмкіндіктеріңіз бар?» деген проблемалық сауал қояды. Оқушылар әр түрлі пікір айтады. Оқытушы аталған тапсырманың болашақтағы өз мамандықтарымен тікелей байланысы бар екендігін және оны әдебиет сабақтарында колдануға болады деген ойланарлық пікір айтады. Ол тапсырманы орындағаннан кейін мүмкін болады.

Жұмыстың келесі кезеңінде әр топ түсініктерін өзге топтарға жеткізу мақсатында постер дайындайды. Ол постер әдістердің және мамандықтың түрімен байланысты. ТВ шоу әдісіне «Өрмекші», Тікелей радиоэфир әдісіне

«Фишбоун», Ойлан-жұптас-бөліс әдісіне «Түймедақ», Екі қадамдық сұхбат әдісіне «Бәйтерек» бейнесі арқылы тапсырманы орындау ұсынылады.

Тақырыпты түсіндіру деп аталатын кезеңде әр топ өздеріне берілген әдістер туралы жасаған дайын постерлерін топ басшыларына көпшілік алдында корғатады. Есте ұстайтын нәрсе, ол уақытты реттеп отыру. Ол үшін көмекші оқушы тағайындап алуға болады. Олар уақытты қадағалап, белгілеп, бақылайды.

Жалпы тақырыпты білім алушының қаншалықты меңгергендігін білу үшін «жабық, ашық микрофон» әдісін пайдаланамыз. Топтар өзара сауалдар қойып, талқылайды. Сұрақ топ атынан берілетіндіктен, оқушыға ойлануға уақыт берген дұрыс. Мұғалім микрофон ашылды деген кезде ортаға «Ыстық орындық» қойылып, әр топтан бір оқушы шығып, басқа топтар өздерін ойландырған немесе түсінбеген мәселелері жөнінде сұрақ қояды. Осылайша, төрт топ та сұрақтарға жауап беріп, өздерінің жұмысын ұорғап, өз «өнімдерін өткізуге тырысады». Мұндай жұмыс түрлері оқушылардың шешендік қабілетін, жылдам ойлап, тез шешім шығару, жағдаяттан шығу деген сияқты дағдыларын дамытады.

Топтық жұмыстың артықшылығын барынша күшейту үшін, мұғалім қадағалау жүргізудің және қарым-қатынас жасаудың жеке тұлғалық ерекшеліктерін, өзінің пікірін білдіру және басқаларға қолдау көрсету дағдыларын біліп, оларды дамыта алуы тиіс. Бастысы, баланың тұлғалық қасиетін дамытып, пәнге деген қызығушылығын арттыра білуге міндетті [3].



Қарым-қатынас: жазбаша және ауызша әңгімелесу, тыңдау, ым мен қимылды пайдалану.



Өзін-өзі таныту: үстемдік танытпай, топтағы жұмысқа белсенді қатысу үшін өзіне-өзі сенімді болу.



Басқаларды қолдау: топтың қызметіне үстемдік жүргізбей, топ жұмысына белсенді қатысу үшін күрделі жағдайларды шешу.



Басқаларды бақылау және басқалар туралы хабардар болу. топтың басқа мүшелеріне қатысты елгезектік.

1-сурет.

Кез келген жұмыстың нәтижесін анықтау үшін, оны қорытындылап, жүйелеп отырған жөн. Осы мақсатта, «Ыстық орындыққа» мұғалім өзі отырып, сабақ барысының соңғы нүктесін қойған жөн. Алдымен ол оқушыларға тапсырма жазылған слайд парақшасын көрсетіп: «Мен бүгін сіздерді, әр адам Қожа сынды өзін өзі тәрбиелеп, жөнге салуы тиіс деген пікірге сендіре алдым ба? Дәлелдеңіз! Мені бағалаңыз!» деп сауал қояды. Бұл бүгінгі сабақты қорытындылау, өзін тәрбиелеу мен өзгені тәртіпке шақырудың айырмашылығы, олардың тиімділігі төңірегінде болады. Осылайша, кері байланыс жасалады. Аяқталмай қалған слайд парақшасына «Қожа сотқар емес, ол өзін тәрбиелеп, түзетуге ұмтылған ақылды бала. Әр оқушы өз кемшілігін өзі түзетуге ұмтылуы тиіс» деген қорытынды оймен толықтыруды ұсынады. Және де оқушылардың өздеріне ұнаған «Тв шоу» әдісін келесі сабақта қолдану үшін сабақ ұйымдастыруын тапсырады. Бағалау парақшалары жинап алынып, ортақ балл шығарылады. Артық, кем тұстары болса, ұсыныс ретінде айтылады.

Жалпы топпен жұмыс жасау дағдылары кейін шынайы өмірде өте маңызды рөл атқарады. Біздің қоғам белгілі бір әлеуметтік ортада жұмыс істеп, жетістікке жетуді талап ететін орта. Орта мектепте оқушыға білім берудің ең үздік, ең тиімді деген әдістерін үйретуде мұғалім тәжірибелік жұмыстарға көбірек мән берген дұрыс деп ойлаймыз. Ол әсіресе, жоғарыда айтып, өткен қазақ әдебиетін оқытуда нәтижелі болады деп есептейміз. Дегенмен де, әдебиет тарихына қатысты пәндерді оқытуда да, жаңа инновациялық әдістерді қолданып, сабақты мазмұнды, қызықты етіп ұйымдастыруға болады. Бұл қазіргі білім беру саласындағы басты талаптармен байланысты. Жаналықты енгізу, қолдану, тиімділігі мен нәтижесін анықтау біздің де тәжірибемізде жалғаса бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бұзаубақова Қ.Ж. Жаңа педагогикалық технология: жоғары оқу орны білімгерлеріне арналған оқу құралы. - Алматы: Жазушы, 2004. - 208 б.
2. Жанпейсова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде: оқу құралы. - Алматы: Альманах, 2016. - 226 б.
3. Тілеуова А.З. Қазақ әдебиетін оқытудың интербелсенді әдістері: электронды оқу құралы. – Астана. – 2019.

ОБУЧЕНИЕ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ ЧЕРЕЗ ЗАДАНИЯ ГРУППОВОЙ РАБОТЫ

Юсупова Жансая Миргалымқызы

В статье рассматривается методика выполнения заданий групповой работы по изучению казахской литературы. Я считаю важным повысить их познавательную активность, так как в настоящее время обучение направлено на самостоятельное обучение. Поэтому учителю необходимо уметь самостоятельно организовывать знания учащихся через поиск, дискуссию, решение проблемных ситуаций, составление проекта.

Ключевые слова: новые технологии, интерактивное обучение, командная работа, проблемные вопросы, общение.

TEACHING KAZAKH LITERATURE THROUGH GROUP WORK ASSIGNMENTS

Yussupova Zhansaya Mirgalimkyzy

The article discusses the methodology of performing group work tasks for the study of Kazakh literature. I think it is important to increase their cognitive activity, since currently the training is aimed at independent learning. Therefore, the teacher needs to be able to independently organize students' knowledge through search, discussion, problem solving, and drafting.

Keywords: new technologies, interactive learning, teamwork, problematic issues, communication.

REFERENCES

1. Buzaubakova K.Zh. New pedagogical Technologies: a manual for students of higher educational institutions. - Almaty: writer, 2004. - 208 p. [in Kazakh]
2. Zhanpeisova M.M. Modular learning technology as a means of Student Development: a manual. - Almaty: Almanac, 2016. - 226 p. [in Kazakh]
3. Tleuova A.Z. Interactive methods of teaching Kazakh literature: an electronic textbook. - Astana. – 2019. [in Kazakh]